

**Қажымұхан ауыл округі, Темірлан ауылының М.Әуезов, М.Мақатаев,
Ж.Сүйіндікұлы көшелеріне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Қажымұхан ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 86 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 қыркүйекте № 3854 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Қажымұхан ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 27 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Қажымұхан ауылдық округі әкімінің 27.03.2017 № 27 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ордабасы аудандық аумақтық инспекция басшысының 2016 жылғы 16 тамыздағы № 01-7/199 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Қажымұхан ауыл округі Темірлан ауылының М.Әуезов көшесі № 54 тұрғыны үйдің сиыры бруцеллез ауруымен ауруына байланысты М.Әуезов, М.Мақатаев, Ж.Сүйіндікұлы көшелеріне шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын ауыл округі әкімінің орынбасары А.Қарабайға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қажымұхан ауыл округі әкімі:

С.Утебаев